Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 6 қараша 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ «Атасу – Алашанькоу» магистральдық мұнай құбырының SCADA жүйесін интеграциялауды аяқтады

«ҚазТрансОйл» АҚ «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС «Атасу – Алашанькоу» магистральдық мұнай құбырының SCADA жүйесін «ҚазТрансОйл» АҚ-ның диспетчерлік бақылау және басқару жүйесімен интеграциялауды аяқтады. Бұл – «ҚазТрансОйл» АҚ-ның және еншілес әрі бірлесіп бақыланатын ұйымдарының магистральдық мұнай құбырлары арқылы мұнай тасымалдауды жедел басқарудың бірыңғай орталығын қалыптастыру жөніндегі жұмыстың қорытынды кезеңі.

«Диспетчерлік басқарудың бірыңғай орталығын қалыптастыру 2003 жылы басталды. Компания мұнай тасымалдауды жедел басқарудың төрт деңгейлі жүйесінен екі деңгейлі жүйесіне екі кезеңмен көшті. 2009 жылы технологиялық объектілерді Павлодар және Атырау қалаларындағы орталық диспетчерлік пункттер (ОДП) деңгейінен басқару жолға қойылды. Бұл ретте өңірлік диспетчерлік пункт (ӨДП) таратылып, Бас диспетчерлік басқармаға (БДБ) жалпы бақылау функциялары берілді. 2017 жылы технологиялық объектілерді тікелей жедел басқару Астанадағы БДБ деңгейіне беріліп, ОДП жедел басқару құрылымынан шығарылды. Осы кезеңнің қорытындысы бойынша магистральдық мұнай құбырларының объектілерін диспетчерлік басқарудың бірыңғай жүйесіне біріктірген жеті технологиялық учаске қалыптастырылды. Екі деңгейлі басқару жүйесіне көшу шешім қабылдау жеделдігін арттырып, диспетчерлік басқарудың тиімділігін күшейтуге мүмкіндік берді», – деп атап өтті «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «Мұнай тасымалдауды басқару орталығы» филиалының директоры Данияр Тасыбаев.

«Атасу – Алашаңқай» мұнай құбырының SCADA жүйесін интеграциялау осы жұмыстың қорытынды кезеңі болды. Нәтижесінде сегізінші технологиялық учаске (ТУ № 8) құрылды. Оның құрамына № 8, 9, 10 және 11 мұнай айдау станциялары, сондай-ақ желілік ысырма тораптары кірді.

Жоба аясында SCADA жүйесінің бағдарламалық-техникалық шешімдері интеграцияланып, желілік өзара байланыс реттелді және ақпараттық қауіпсіздіктің қажетті деңгейі қамтамасыз етілді. Басқару алгоритмдері, қорғаныс және бұғаттау жүйелері, сондай-ақ апаттық белгі беру жүйесі кешенді түрде тексерілді.

Интеграцияны іске асыру «ҚазТрансОйл» АҚ-ның өндірістік және цифрлық инфрақұрылымын одан әрі дамытудағы маңызды қадам болды. Ол компанияның технологиялық әлеуетін нығайтуға, өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға және магистральдық мұнай құбырының ұлттық операторы инфрақұрылымын жетілдіруге бағытталған.

Жоба ішкі және сыртқы нарықтарға мұнайды тұрақты әрі үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының және нарыққа қатысушылардың мүдделерін қорғау, сондай-ақ магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау

саласындағы елдің халықаралық міндеттемелерін орындау бағытында стратегиялық маңызға ие.

Диспетчерлік бақылау және басқару жүйесі (SCADA) мұнай тасымалдаудың технологиялық процестерін үздіксіз жедел бақылауға және басқаруға (диспетчерлеуге), технологиялық жабдықтарды қашықтан басқаруға және олардың жұмыс көрсеткіштерін мониторингтеуге мүмкіндік береді. Осылайша, «ҚазТрансОйл» АҚ Бас диспетчерлік басқармасы еліміздің он бір облысында географиялық тұрғыдан орналасқан технологиялық нысандар мен 8 технологиялық учаскені орталықтандырылған түрде басқарады.

«ҚазТрансОйл» АҚ - магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-ның еншілес ұйымы болып табылады. Ұзындығы 5,2 мың шақырым магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісін иеленеді және ұзындығы 5 мың шақырымнан астам басқа ұйымдардың құбырларына операторлық қызметтер көрсетеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы